

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 112 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 желтоқсанда № 33764 болып тіркелді

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
көлік министрінің м.а.

C. Аблалиев

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
**"КЕЛІСІЛДІ"**  
Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
көлік министрінің м.а.  
2023 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 112 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7297 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесінде:

1-тaraу тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-tarau. Жалпы ережелер";

2-тaraу тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-tarau. Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау тарифтерін белгілеу тәртібі";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

2. "Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 348 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11002 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартында:

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Шарттың 8-2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, маршрут тұрақтылығының төмендігі (кунтізбелік отыз күнде жетпіс пайыздан кем);";

мынадай мазмұндағы 8-2-тармақпен толықтырылсын:

"8-2. Әлеуметтік маңызы бар маршрутты субсидиялау көлемі айна осы маршрутты субсидиялау қажеттілігінің жалпы көлемінің жетпіс пайызынан астам болған кезде, маршруттың күнтізбелік отыз күн ішінде тұрақтылығы осы маршрутты субсидиялау қажеттілігінің жалпы көлемінің айна субсидиялаудың нақты пайызына тең болады.

Әлеуметтік маңызы бар маршрутқа қызмет көрсететін Тасымалдаушы осы тармақтың бірінші бөлігінің және (немесе) осы Шарттың 8-тармағы 1) тармақшасының талаптарын орындамаған кезде, осы Шарт сот тәртібінде бұзылады".

3. "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидаларында:

183-1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"183-1. Егер Байқау жарамсыз деп танылса, қайталама Конкурс оны таныған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.";

196-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Қағидалардың 196-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, маршрут тұрақтылығының төмендігі (күнтізбелік отыз күнде жетпіс пайыздан кем);"

мынадай мазмұндағы 196-1-тармақпен толықтырылсын:

"196-1. Әлеуметтік маңызы бар маршрутты субсидиялау көлемі айна осы маршрутты субсидиялау қажеттілігінің жалпы көлемінің жетпіс пайызынан астамы болған кезде, маршруттың күнтізбелік отыз күн ішінде тұрақтылығы осы маршрутты субсидиялау қажеттілігінің жалпы көлемінің айна субсидиялаудың нақты пайызына тең болады.

Әлеуметтік маңызы бар маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушы осы тармақтың бірінші бөлігінің және (немесе) осы Қағидалардың 196-тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындамаған кезде, Куәліктің қолданысы сот тәртібінде тоқтатылады".

4. "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

тізбеке 1-қосымша

Тұрақты маршруттар бойынша  
жолаушылар мен багажды  
тасымалдау жөнінде қызмет  
көрсетуге тарифтер есептеу  
әдістемесіне 1-қосымша

## Жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін қалыптастырудың экономикалық-математикалық моделі 1-тарау. Есептік тарифтерді белгілеу тәртібі

1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға тарифтерді қалыптастырудың экономикалық-математикалық моделі (бұдан әрі – Модель) тұрақты маршруттардың автокөлік құралдарында жол жүру тарифтерін негіздеу бойынша есептеу технологиясының әдістемелік біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылады, бұл есептеулер біріздендірілген мынадай түрдегі экономикалық-математикалық модельдерді қолдану арқылы орындалады:

$$Te = \left( \frac{\sum Zi}{Q_{r \text{ нақты}} \text{ немесе } Q_{r \text{ есеп}}} \right) \times Ke \times K_{kcc}$$

формула (1)

мұнда: Te – осы маршрут үшін есептік тариф;

Zi – осы Модельдің 2-тарауында белгіленген тәртіппен есептелінетін шығыстардың барлық i-баптары бойынша (отын, электр энергиясы, жана ресурсы материалдары, автокөлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, автошиналарды ауыстыру және жөндеу, жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесі операторының қызметі, автокөлік құралдарының амортизациясы, жүргізушилер мен кондукторлардың еңбек ақысы, үстеме шығыстар) осы маршрутқа қызмет көрсетуге арналған тасымалдаушиның нормативтік (есептік) шығындарының жалпы жылдық немесе жылдың соңына дейін сомасы;

Q<sub>r</sub> нақты – осы Модельдің 3-тарауында белгіленген алдыңғы жыл үшін тасымалданған жолаушылардың нақты саны;

Q<sub>r</sub> есеп – осы Модельдің 3-тарауында белгіленген алдыңғы екі ай және 12 айға көбейтілетін бір айдағы орташа саны шығарылады, тасымалданған жолаушылардың нақты санына сүйене отырып, болжамдалған жолаушыларды тасымалдау саны;

Ke – 1,15 тең осы маршрутқа қызмет көрсету бойынша тасымалдауши шығындарына есептік рентабелділігі коэффициенті (15% ретінде қолданылады);

K<sub>kcc</sub> – 1,12 тең қосылған күн салығының (бұдан әрі – ККС) (12% ретінде қолданылады);

ҚҚС коэффициентін айқындау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес ҚҚС жарнасы қолданылады.

ҚҚС коэффициенті тасымалдаушының оның қызметкерлерінің еңбек ақысымен байланысты, сондай-ақ тіркелген активтердің амортизациясымен байланысты шығындарына қолданылмайды. Осындай шығындарға тіркелген активті ҚҚС-ті ескерусіз сатып алуға, оны өндіруге, салуға, монтаждауға және жабдықтауға шығындар жатады.

## **2-тарау. Пайдалану шығыстарының баптары бойынша тасымалдаушының шығындарын ірілендірген есептеу тәртібі**

2. Тұрақты автобус маршруттың қызмет көрсетуге шығындардың баптары бойынша нормативтік пайдалану шығыстарының ірілендірілген есептеулері мынадай тәртіpte орындалады:

1) осы маршрутқа қызмет көрсетуге пайдаланылатын автокөлік құралдарының жалпы жүрісіне есептелген автомобиль отынына/электр энергиясына/газга/сутегіге жұмсалатын шығыстар есептік тарифтерді жүзеге асыру күніне белгіленген қолданыстағы барлық әдістемелерді және 1 литр бензиннің (дизельді отынның, газдың) /1 киловатт электр энергиясының/1 килограмм сутегінің бөлшек құнын ескере отырып, 100 км-ге жұмсалатын отынның электр энергиясының базалық нормасына сүйене отырып белгілейді (осы бөлшек сауда бағасы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес тарифті анықтаудың дұрыстығы расталғанға дейін жарамды):

$$Зт=0,01 \times L_{ж.п} \times (НТ \times ЦТ + НЭ \times ЦЭ) \times КН,$$

формула (2)

мұнда: Зо – автомобиль отыны/электр энергиясы/газ/сутегі шығындары;

0,01 – 100 км-ден 1 км-ге отын шығындарын есептеу;

Лжалпы – формула бойынша есептелген маршрутқа қызмет көрсету кезінде автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүрісі;

Жазғы және қысқы кезеңдердегі маршрут кестесінің әртүрлі мәндерімен және (немесе) маршрут толық емес күнтізбелік жыл ішінде жұмыс істейді, содан кейін жанармай құны маршрут кестесіне сәйкес жазғы және қысқы жүрістерді ескере отырып анықталады.

$$\text{Шығ. жаз} = 0,01 \times L_{ж.ж.} \times НТ \times Цл.т. \times КНл.$$

формула (3)

$$\text{Шығ.қыс} = 0,01 \times L_{ж.қ.} \times НТ \times Цз.т. \times КН з.$$

формула (4)

$$\text{Шығ.} = \text{отын шығ.ж.} + \text{отын шығ.қ.}$$

формула (5)

мұнда: отын шығ.жаз, - жазғы автомобиль отынның құны;

Шығ., - қысқы мотор отынының құны;  
Лж.1 - жазда автокөліктердің жылдық жүрісі;  
Лж.с. - қыста автокөліктердің жылдық жүрісі;  
КНж., КНқ. - трассадағы (жазғы, қысқы) көлік құралдарын пайдаланудың нақты жағдайлары үшін базалық мөлшерлемеге үстемеақылардың жиынтық коэффициенті.

НТ - көліктің 100 километріне литр/киловатт/килограммдағы отын шығынының негізгі нормасы;

Дизель отынын (бензинді)/газды тұтынудың базалық нормасы мен жинақталған үстеме коэффициенті "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 қаулысына (бұдан әрі – Отын шығынының нормасы) сәйкес анықталады;

Электрлік автобустар үшін 100 километрге сағатына киловатт электр энергиясын тұтыну нормасы және ол үшін жалпы қосымша ақы коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады.

Отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары үшін 100 километрге сағатына килограмм сутегі отынын тұтыну нормасы және ол үшін жалпы қосымша ақы коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады

Цо – дизельдік отынның (бензиннің)/газдың/электр энергиясының/сутегінің бағасы.

Дизельдік отынның (бензиннің)/газдың/сутегінің бағасы мына формула бойынша анықталады:

$$O_5 = \frac{B_{к.ш.} * A_{кыс} + B_{ж.о.} * A_{жаз}}{12}$$

формула (6)

мұнда: Мзим., Млето – Ккл (коэффициент климаттық) мәнін анықтайтын Отынды шығындау нормаларының 10-шы кесте бойынша кезеңдер шегінде өнір бойынша анықталған бір жылдағы қысқы және жазғы айлар саны.

Цз.т., Цл.т. - тариф есептеу күніне отынның дара құны (жазғы және қысқы).

Жазғы кезеңде тарифті есептеу кезінде өткен қысқы кезеңнің соңғы айында басым болған қысқы отынның 1 литрінің/1 килограммның бөлшек сауда бағасы облыс бойынша отын шығынының құнын анықтайтын 10-kestеге сәйкес кезеңдерде айқындалады. Kcl (климаттық коэффициент), негіз ретінде алынады.

1 кВт электр энергиясының бағасы тарифті есептеу күніндегі электр энергиясының тарифіне сәйкес қолданылады.

Маршрутқа отынның әртүрлі түрлері бар автокөлік құралдары қызмет көрсететін және/немесе автокөлік құралдары бір отынның бірнеше көздерін пайдаланған кезде, автомобиль жана майның жалпы құны осы мәндердің одан әрі қосындысымен отынның әрбір түрі үшін жеке анықталады.

Лжалпы =  $D_p \times (n \times l_{pa} + l_o)$ ,

формула (7)

мұнда: Лжалпы – автокөліктердің жалпы жылдық жүгірісі;

$D_p$  – маршруттың бір жылдағы қызмет көрсету күндерінің саны (жергілікті атқарушы органдар бекіткен маршрут кестесіне сәйкес айқындалады);

$n$  – маршрут бойынша күндізгі сапарлар саны (демалыс, мереке, жұмыс күндеріне байланысты жылдағы бару жол ының айырмашылығымен, жылдың маусым дылығымен, олардың орташа мәні алғынады;

$l_{pa}$  – маршруттағы рейстер айналымының арақашықтығы, км;

$l_o$  – күн сайынғы нөлдік жүріс, км.

Жұмыс күндері, демалыс және мереке күндеріндегі маршрут сипаттамаларының көрсеткіштерінің әртүрлі мәндері болған жағдайда, автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүгірісі осы мәндердің қосындысымен жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері үшін бөлек анықталады.

2) майланатын материалдар шығыстары автомобиль отын шығыстарынан 10%-на тең:

Зжм =  $Z_o \times 0,1$

формула (8)

мұнда: Зжм – жанар-жағармай материалдарының шығындары;

Электр-бустар, отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары үшін майлау материалдарының құны Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады;

3) жөндеу жүргізуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстар автокөлік құралдары құнынан 5% (пайдалану мерзімі 1 жылға дейінгі автокөлік құралдары үшін), 10% (пайдалану мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі автокөлік құралдары үшін), 15% (пайдалану мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейінгі автокөлік құралдары үшін) және 20% (пайдалану мерзімі 7 жылдан астам автокөлік құралдары үшін) ретінде қабылданады. Бұдан:

Зжт =  $K_{rt} \times A_m \times K_r \times \bar{C}$ ,

формула (9)

мұнда: Зжт – жөндеу жұмыстарына және техникалық қызмет көрсетуге шығындар;

$K_{rt}$  – автокөлік құралдарын жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстар;

$A_m$  – кесте бойынша маршрутқа бір күнге автокөлік құралдарының саны;

Жұмыс күндері, демалыс және мереке күндеріндегі кестеге сәйкес маршруттағы тәуліктік автокөлік құралдары санының әртүрлі мәндерімен олардың орташа мәні алынады.

Кр – автокөлік құралдары резерві коэффициенті (маршрутқа бекітілген автокөлік құралдарының жалпы санының 1,2 ге тең шығынды есептеу үшін алынған кесте бойынша маршрутқа жөнелтілетін автокөлік құралдарының санына қатынасы;

Ц – маршрут бойынша тіркелген автокөлік құралдарының орташа құны, теңгемен.

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алынған жаңа автокөлік құралдары үшін бұл сатып алу күнінен бастап үш жылға дейінгі сатып алу құны болады.

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алынған автокөлік құралдарын қайта бағалау оларды бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар сатып алған күннен бастап үш жыл өткен соң жүргізіледі.

Қайталама нарықта сатып алынған автокөлік құралдары, сондай-ақ жалға алынған автокөлік құралдары үшін – бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар айқындайтын орташа нарықтық құн.

Бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар айқындаған автокөлік құралдарының құны ол анықталған күннен бастап үш жыл бойы қолданылады;

Электр-бустар, отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары үшін жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады;

4) маршруттағы автокөлік құралдарының жылдық жүрісі үшін шиналарды пайдалану шығындары формула бойынша анықталады:

$$3\text{ш} = \frac{\text{Цш} \times \text{т} \times \text{Лжалпы}}{\text{ш} \times \text{Кш}}$$

формула (10)

мұнда: 3ш – автошинаға шығындар;

Цш – шинаның бір жинағын (шина, түтік, жиек таспасы) есептеу кезінде теңгемен сатып алу бағасы (осы сатып алу бағасы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес тарифті анықтаудың дұрыстығы расталғанға дейін жарамды);

т – көліктегі дөңгелектер саны (қосалқы доңгалаксыз).

Лжалпы – маршрутқа қызмет көрсету кезінде автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүрісі;

ш – автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасы Отын шығысының нормасына сәйкес анықталады, км;

Кш – автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасын түзету коэффициенті отын шығысының нормасына сәйкес анықталады;

Электр-бустар, отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары автошиналарының жүрісі үшін жұмыс нормаларын түзету коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады;

5) маршрутта бекітілген автокөлік құралдары бойынша амортизациялық аударымның жылдық сомасы олардың жалпы жүрісіне есептегенде мынаған тең:

$$За = 0,15 \times Am \times Kr \times Ц,$$

формула (11)

мұнда: За – амортизация шығындары;

0,15 – автокөлік құралдары үшін амортизациялық аударым мөлшерлемесі 15% (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация болып табылатын лизинг алушыдан алынған автокөлік құралдарын қоспағанда, жалға алынған автокөлік құралдарына қолданылмайды);

Kр – автокөлік құралдары резервінің коэффициенті;

Ц – маршрутта тіркелген автокөлік құралдарының орташа құны, теңгемен;

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алынған жаңа автокөлік үшін бұл сатып алу күнінен бастап үш жылға дейінгі сатып алу құны болады.

Қайталама нарықта сатып алынған автокөлік құралдары үшін – бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар анықтайтын орташа нарықтық құн.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы болып табылатын жалға алушыдан алынған автокөлік құралдарын қоспағанда, жалға алынған автокөлік құралдарының амортизациялық аударымдары есептелмейді.

6) маршрутқа қызмет көрсету бойынша жүргізушилер мен (және) кондукторлардың (автокөлік құралдарының экипаждары) жалақысының жалпы жылдық сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$Зжа = (Mp \times ZB \times Nb + ZK \times Nk) \times Am \times K \times 1,2$$

формула (12)

мұнда: Зжа – жалақы шығындары;

Mp – бір жылда маршрутқа қызмет көрсетілетін айлардың саны (жыл бойы және күнделікті жұмысымен Mp = 12);

ZB – көлік құралы жүргізушиңін орташа айлық жалақысы Қазақстан Республикасындағы немесе көлік және қойма шаруашылығы саласындағы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда) деңгейіне қатысты белгіленеді, мұнда өтінімдерді берудің алдындағы тоқсандағы статистикалық деректер негізінде тасымалдаушы тіркеледі.

ZK – кондуктордың орташа айлық жалақысы жүргізушиңін жалақысының 70% деңгейінде белгіленеді;

N<sub>b</sub> (N<sub>c</sub>) – маршрутта әр автокөлік құралдарына бекітілген жүргізушілердің (кондукторлардың) нормативтік саны;

K – тасымалдаушының есептік деректерімен расталған сомада еңбек жалақысы мен қызметкерлердің сақтандыруға әлеуметтік есептеуін есепке алатын коэффициент.

1,2 – аурулық, еңбек, бала күтімі демалыстарындағы, оқудағы жұмысшылардың есептеулерін ескеретін түзету коэффициенті;

Жүргізушілерге және (немесе) кондукторларға жалақы төлеу фактісі қызметкерлерге еңбекақы төлеу туралы актінің үзінді көшірмемен расталады.

7) үстеме шығыстардың нормативті сомасы осы маршрутқа қызмет көрсету бойынша шығындардың тікелей баптарының жиынтық сомасының пайызын құрайды және мына формула бойынша айқындалады:

$$Зγ = П (Зт + Зжм + Зжт + Зш + За + Зжа)$$

формула (13)

мұнда: Зγ – үстеме шығыстар шығындары,

П – үстеме шығыстардың нормативті сомасының пайызы үстеме шығыстарды есептеу сомасының расталатын көлеміне қарай 15%-дан бастап 20%-ға дейін құрайды.

Үстеме шығыстарды есептеу сомасы:

өндіріс шығындарына жататын салықтар мен алымдарды (әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік салықты, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды, қосымша құн салығы мен корпоративтік табыс салығын қоспағанда);

автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға, сондай-ақ жүргізушілердің және (немесе) кондукторлардың өмірін сақтандыруға арналған шығыстарды;

автокөлік құралдарын міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуге арналған шығыстарды;

тасымалдаушының балансында тұрған және тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның әкімшілік ғимараттары мен объектілерінің (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік алаңшалар мен цехтар) коммуналдық төлемдеріне арналған шығыстарды;

тасымалдаушының балансында тұрған және қалалық және қала маңындағы тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның әкімшілік ғимараттары мен объектілері (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік участеклер мен цехтар) бойынша амортизацияға арналған шығыстарды;

ауданараптық (қалаішілік облысішілік) және ауданішілік маршруттарда тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік участеклер мен цехтар) әкімшілік ғимараттары мен объектілері бойынша амортизацияға арналған шығыстарды;

тасымалдауды ұйымдастыруға тартылған тасымалдаушы қызметкерлерінің (механик, медицина қызметкері, диспетчер) еңбекақысын қамтиды.

Үстеме шығыстарды есептеу сомасы тек қана әлеуметтік маңызы бар маршрутқа қызмет көрсетуге қолданылады, ол бойынша есептік тариф белгіленеді.

Тасымалдауды ұйымдастыруға тартылған тасымалдаушының қызметкерлеріне (механик, медицина қызметкері, диспетчер) еңбекақы төлеу қызметкерлерге еңбекақы беру ведомосінен үзінді көшірмемен расталады.

### **3-тарау. Жолаушыларды тасымалдау санын жалпы жылдық және жылдың сонына дейінгі (болжанатын) ірілендірілген есептер тәртібі**

4. Айлар бойынша есептеуден шығатын жолаушыларды тасымалдау санын жалпы жылдық (болжанатын) ірілендірілген есептер мынадай тәртіпте орындалады:

1) жаңадан ашылған тұрақты маршрут бойынша жолаушылар ағынының болжамды көлемі (саны) екі ай ішінде жолаушыларды нақты тасымалдаған санының нәтижелері бойынша айқындалады және формула бойынша айқындалады:

$$Q_{р.есеп} = (Q \text{ 2ай}/2) \times 12;$$

формула (15)

Мұнда:  $Q_{р.есеп}$  – маршруттағы жолаушылар тасымалының жалпы болжамды жылдық көлемі;

$Q$  – 2 айдағы нақты тасымалданған жолаушылар саны;

12 – жылдағы айлар саны;

2) қолданыстағы маршруттағы бір жылда тасымалданған жолаушылардың болжамды көлемі (саны) аталған маршрут бойынша өткен жылдың тасымалданған жолаушылар көлеміне сүйене отырып анықталады және

$Q$  г.нақты ретінде пайдаланылады.

Алынған нәтиже тұрақты маршрут автобусында жолаушылар жүрісіне тарифті есептеу формуласына (1) ұсынылады.

### **4-тарау. Есептік тарифті анықтау кезінде пайдаланылатын материалдар және ақпарат**

5. Маршрут бойынша бастапқы деректер:

- 1) жүрудің бастапқы және соңғы пункті бойынша маршруттың нөмірі мен атауы;
- 2) маршруттардағы тікелей (алымындағы) және кері (бөліміндегі) бағыттардағы маршрутаралық пункттердің саны;
- 3) маршруттың тікелей және кері бағыттардағы ұзақтығы;
- 4) маршруттағы тікелей және кері бағыттардағы қозғалыстың орташа пайдалану жылдамдығы;
- 5) жұмыс күндері, демалыс және мереке күндеріндегі бару саны;
- 6) рейстер айналымын орындауға арналған кесте бойынша уақыт;

- 7) жолаушылар ағыны (есептеу, болжам бойынша);
- 8) маршруттағы жұмыстың басталуын және аяқталуын көрсетумен жұмыс және демалыс күндеріндегі кесте бойынша жұмыс істеу уақыты;
- 9) жұмыс және демалыс күндеріндегі кесте бойынша маршруттағы автокөлік құралдарының саны;
- 10) маршруттағы жұмыс және демалыс күндеріндегі кесте бойынша автокөлік құралдары қозғалысының аралығы;
- 11) маршруттағы жолаушылардың отыруы үшін және жалпы орны бойынша автокөлік құралдарының паспорттық сыйымдылығы (жинақтаушы алаңының сыйымдылығын ескере отырып);
- 12) автокөлік құралдарының маркасы (маршруттар тізіліміне сәйкес).
6. Тасымалдаушы маршрут бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы растаушы құжаттарды пайдаланады:
- 1) билеттерді өткізу бойынша есеп;
  - 2) жолаушыларды тасымалдаудан түсетін қаржылық қаражаттар туралы есеп.

тізбеке 2-қосымша

Тұрақты маршруттар бойынша  
жолаушылар мен бағажды  
тасымалдау жөнінде қызмет  
корсетуге тарифтер есептеу  
әдістемесіне 2-қосымша

### **Тұрақты маршрутта бағаж тасымалдау құнының жолаушыларды тасымалдау құнына еселік коэффициенттері**

Жолаушылар мен бағажды автомобиль көлігімен тасымалдаудың тұрақты маршрут түрі	Жолаушыларды тасымалдау құнына бағаждың бір орны үшін тарифтің еселігі
Қалалық	1,0
Қала маңылық	0,2
Ауданішілік және ауданараптық (облысішілік қалааралық)	
100 километрге дейін	0,2
500 километрге дейін	0,15
500 километрден жоғары	0,10

тізбеке 3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндеттін  
атқарушының  
2015 жылғы 25 тамыздағы  
№ 883 бүйрүгімен  
бекітілген

**Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Зан) 13-бабының 23-16) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау және "Ауданарапық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал ететін және тарифтердің қолжетімділік деңгейі мен Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін жүріп тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын тұрақты қатынастардағы жолаушыларды тасымалдау әлеуметтік мәні бар тасымалдар деп танылады.

3. Субсидиялауға тарифтерін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) белгілейтін әлеуметтік маңызы бар қатынастары арқылы тасымалдауды орындау нәтижелері бойынша пайда болған тасымалдаушының шығындары жатады.

4. Егер "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7297 болып тіркелген) бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тарифі мен жергілікті атқарушы органмен белгіленген әлеуметтік маңызы бар қатынастарына арналған тариф арасындағы айырма жергілікті бюджеттен субсидияланбаса, онда тариф шамасын жергілікті атқарушы орган Әдістемеге сәйкес анықтаған жолаушыларды тасымалдау тарифі деңгейінде белгілейді.

**2-тaraу. Субсидиялауға жататын автомобиль көлігімен жолаушылардың әлеуметтік мәні бар тасымалдары және субсидиялар мөлшерлері**

5. Егер жергілікті атқарушы орган белгілеген жолаушыларды тасымалдау тарифі Әдістемеге сәйкес анықталған жолаушыларды тасымалдау тарифінен төмен болса, аталған маршрут әлеуметтік мәні бар тасымалдаулар санатына жатады.

6. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілдік органдың айқындайтын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін жасайды.

7. Тасымалдаушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебін қағаз немесе электронды түрде, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүргісіне (километр) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есебін ұсынады.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тасымалдаушы ұсынған есептердің дұрыстығын анықтау және субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар хабарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды қалыптастыру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органды; әкімнің өкімімен маршруттың (ауданараптық (қала ішкі облыс іші), аудан ішіндегі, қалалық (селолық) және қала маңы қатынасы) құнын айқындау жөніндегі тарифтік комиссияны немесе комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссияга жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасары басшылық етеді. Комиссия құрамына жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың (жолаушылар көлігі, экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша уәкілдеп), өнірдің өнірлік ұлттық кәсіпкерлер палаталарының, заңды тұлғалардың автокөлік бірлестіктері мен қоғамдық бірлестіктердің, автомобиль көлігі саладағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өкілдері (қарастырылып отырған маршрут ұйымдастырылған елді мекенде бар болса) кіреді. Комиссияның құрамына кәсіподақтардың, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының өкілдері кіруі мүмкін. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар өкілдерінің жалпы саны Комиссия құрамының жартысынан аспайды.

Комиссияның өкілдептік мерзімі бес жыл. Комиссияның өкілдептіктері аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы орган Комиссияның құрамына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді және оны осы тармақтың талаптарына сәйкес әкімнің өкімімен бекітеді.

Комиссия отырыстары аудио және (немесе) бейнеказбаны пайдалана отырып, Комиссия тәрағасы мен мүшелерінің қатысуымен немесе қашықтан (қашықтықтан) форматта онлайн-трансляция режимінде өткізіледі.

Мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Комиссия төрағасы мен мүшелері "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаралар қолданады.

9. Үміткерлердің жоқ болу себебіне байланысты екі реттен артық маршруттарға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізілмеген деп танылған халықтың әлеуметтік маңызы бар тасымалдауға мұқтаждығы туындаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган Комиссияның қарауына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебін, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып анықталған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маршрут құнының есебін енгізеді.

Отырыстың нәтижелері бойынша Комиссия тарифтерді және (немесе) маршрут құнын айқындаудың дұрыстығын растайтын қағаз немесе электрондық нысанда хаттама қабылдайды, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың есебін және (немесе) маршрут құнын алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін жасайды.

10. Мәселе туындаған жағдайда тариф анықтаудың дұрыстығын растау үшін Комиссия тасымалдаушыдан Әдістемеге 1-қосымша болып табылатын Жолаушыларды және бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін қалыптастыруды экономикалық-математикалық моделі аясында тариф есептеуде қолданған құжаттар мен ақпаратты тек бір рет сұратады.

Комиссия маршрут құнын анықтаудың дұрыстығын растау мақсатында сұрақтар туындаған жағдайда тасымалдаушыдан осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес маршруттың құнын айқындау кезінде пайдаланылған құжаттар мен мәліметтерді тек бір рет сұратады.

Отырыстың нәтижелері бойынша Комиссия тарифтерді және (немесе) маршрут құнын айқындаудың дұрыстығын растайтын қағаз немесе электрондық нысанда хаттама қабылдайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тасымалдаушыдан есептер түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесін жасайды.

Төтенше жағдай және карантиндік шектеулер кезеңінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау нақты тасымалданған жолаушыларды ескере отырып, осы Қағидалардың 7-11-тармағына сәйкес есептік тарифті анықтау жолымен жүзеге асырылады. Комиссия тариф анықтаудың дұрыстығын осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тасымалдаушыдан төлемдер түскен күннен бастап және (немесе) маршруттың құны 7 жұмыс күні ішінде растайды.

Комиссияның тасымалдаушының ұсынған есептер бойынша ескертулері болған жағдайда, бұл есептеулер Комиссия отырысының хаттамасында барлық ескертулер көрсетіле отырып, пысықтауға жіберіледі. Ескертулерді жою мерзімі 15 жұмыс күнінен аспайды.

Комиссия отырысының хаттамасы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

11. Комиссия шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады, ол құрылымның жалпы санынан үштен екісі болған кезде құқықты.

Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілген болса, Комиссия шешімі қабылданған болып саналады. Теңбе-тен дауыс берілген жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

12. Әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялауға бағытталған сомалар көлемін анықтау әрбір маршрут мынадай:

1) Әдістемеге сәйкес айқындалған жолаушыларды тасымалдауға арналған тариф пен жергілікті атқарушы орган белгілеген әлеуметтік маңызы бар қатынастарына арналған тариф арасындағы айырма;

2) тасымалдауға жоспарланған жолаушылардың жыл сайынғы саны;

3) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес айқындалатын маршруттың бір километрінің құны арасындағы айырма ретінде айқындалатын тасымалдауды орындаудан болатын, автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісін (километр) негізге ала отырып, нақты көлемге көбейтілген автокөлік құралдарының маршрут бойынша жүріп өткен жүрісінің және жолаушыларды тасымалдаудан түсken қаржы қаражатының шығыны.

13. Әлеуметтік маңызы бар қатынасты субсидиялауға арналған болжамды қаражат көлемі Әдістемеге сәйкес айқындалған жолаушыларды тасымалдауға арналған тариф пен жергілікті атқарушы орган белгілеген тариф арасындағы жылдар болінісінде тасымалдауға жоспарланған жолаушылардың жыл сайынғы санына көбейту айырмасы ретінде айқындалады.

Автобустың тұрақты тасымалын жүзеге асыру үшін маршруттың құны айқындалған кезде, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес, маршрут бойынша жүретін автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып, тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялауға арналған болжамды қаражат көлемі жоспарланған жолаушылар мен багажды тасымалдау санынан алынатын кірістер мен маршрут құны арасындағы айырмасы ретінде айқындалады.

14. Жергілікті бюджеттен субсидиялар төлеуді жүзеге асыруды жоспарлау үшін жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті бюджет бағдарламасы бойынша үш жылға бюджеттік өтінімді әзірлейді және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Осы Қағидалардың 13-тармақтарына сәйкес анықталған әлеуметтік мәні бар қатынастарды субсидиялауға арналған қаражат көлемі және әлеуметтік қатынастар тізілімі бюджеттік өтінім үшін негіз болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органды жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әлеуметтік маңызы бар субсидияланатын хабарламалардың сомасын үш жылдық кезеңге бекітеді.

15. Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес айқындалған сома негізінде жергілікті өкілді органның шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы орган арасында Әлеуметтік маңызы бар жол қатынасын субсидиялау туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалады, ал Қағидалардың 4-тaraуына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып, айқындалатын маршрут құны бойынша тасымалдауды жүзеге асырылған кезде жергілікті атқарушы орган, тасымалдаушылар және (немесе) уәкілетті ұйым арасында шарт жасалады, ол:

- 1) тараптардың орындауы үшін осы Қағидалармен айқындалған шарттарды;
- 2) жылдар бөлінген үш жылға болжамдалған жолаушыларды тасымалдау санын;
- 3) жыл бойынша үш жылға арналған субсидиялардың болжамды көлемін;
- 4) белгіленген тарифті (тарифтердің торын);
- 5) маршрут бойынша Әдіstemеге сәйкес айқындалған тарифті;
- 6) осы Қағидалардың 4-taraуына сәйкес автобустардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып, тұрақты автобус тасымалдауларын жүзеге асыру үшін маршрут құны анықталған кезде жылдар қимасында үш жылғы маршрутта жүріп өткен болжамдық жалпы жиынтық жолын (километр);
- 7) ұсынылған растаушы құжаттарға сәйкес келмеген кезде заңсыз алынған субсидияны тасымалдаушыға қайтаруды;
- 8) ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес келген кезде алынбаған субсидияларды жергілікті атқарушы органдардың төлеуді;
- 9) тасымалдаушы маршрут бойынша белгіленген жұмыс көлемдерін (рейс, жүйелілік, жүріс) толық орындаған жағдайда, маршрутты субсидиялау сомасынан сома тасымалдаушының орындалмағаны үшін жұмсалмаған шығыстары ескеріле отырып, барабар түрде шегеруді;
- 10) жергілікті атқарушы органдардың тасымалдаушының нақты орындаған жұмысы үшін субсидиялар төлеуді;
- 11) қаржы жылының қорытындылары бойынша тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы орган арасында маршрутқа қызмет көрсету шығындары және субсидиялар сомасы бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізуіндегі қамтиды.

16. Жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, тоқсаннан кейінгі айдың 5-іне дейін автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға Комиссия жұмысының

нәтижелері және әлеуметтік маңызы бар хабарламаларды субсидиялау туралы ақпаратты осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

### **3-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі мен шарттары**

17. Тасымалдаушы есептік айдан кейінгі әр айдың 15 күніне дейінгі мерзімде жергілікті атқаруши органға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы айлық ақпаратты (бұдан әрі – ай сайынғы есеп) жібереді.

Осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдардың маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып айқындалған маршрут құны бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған кезде тасымалдаушы есептік айдан кейінгі әр айдың 10-шы күніне дейінгі мерзімде уәкілетті ұйымға ай сайынғы есеп жібереді, кейін уәкілетті ұйым есептік айдан кейінгі әр айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыс туралы ақпаратты жергілікті атқаруши органға айлық ақпаратты ұсынады. Уәкілетті ұйым болмаған жағдайда тасымалдаушы әр айдың 15-күніне дейін жергілікті атқаруши органға ай сайын ақпарат жібереді.

"Ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқаруши органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

18. Тасымалдаушы (жеке немесе занды тұлға) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауға арналған өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Тізбеде жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттарды түскең күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Жеке басын қуәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

19. Төтенше жағдай және (немесе) карантиндік шектеулер енгізуге байланысты әлеуметтік маңызы бар хабарламалар бойынша тасымалдауды мәжбүрлеп тоқтата тұру кезеңінде ағымдағы қаржы жылындағы ең төменгі жалақысына сәйкес тасымалдаушының жүргізушилерге және (немесе) кондукторларға еңбекақы төлеуге және әлеуметтік аударымдарға шығыстары субсидиялауға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша жүргізушилердің және (немесе) кондукторлардың жалақы мен әлеуметтік аударымдары бойынша тасымалдаушының өтінішін және төлеуге жұмсалған шығыстары туралы ақпаратты жолдайды.

20. Әлеуметтік маңызы бар субсидияланатын қатынастар бойынша жергілікті бюджеттен субсидияларды төлеуді жергілікті атқарушы орган тасымалдаушыға осы Қағидаларға 11-қосымшага сәйкес субсидия тағайындау туралы хабарлама жіберілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарттың негізінде ай сайын жүргізеді.

21. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

22. Көрсетілетін қызметті алушыдан Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес өтініш және құжаттар топтамасы түскең кезде, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе орындаушысы осы өтінішті және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе жетекшілік ететін басшының орынбасары және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы арқылы қарau үшін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіrkеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

23. Ұсынылған құжаттардың толық ұсынбау және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті бұдан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.

24. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы құжаттар топтамасының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған құжаттар топтамасы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісуі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

25. Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны не Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

26. Жылдың соңғы күнтізбелік айы үшін бюджеттік субсидияларды төлеу кейіннен келесі жылдың 25 қантар мерзімінен кешіктірмей нақты деректер бойынша жасалған есепті ұсына отырып, 20 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынылған, болжамды деректер бойынша жасалған субсидияланатын қатынастар бойынша есеп негізінде жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

28. Жергілікті атқарушы орган Мемлекеттік қызмет көрсетеу сатысы туралы деректерді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетеу мониторингінің ақпараттық

жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

29. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің бекіткен немесе өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын үйымдарға, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді".

#### **4-тарау. Тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру үшін маршруттың құнын анықтау тәртібі**

30. Құны жол жүру ақысын электронды жинау жүйесін пайдалана отырып, көлік құралдарының жалпы жылдық жүрісіне, белгілі бір кезеңдегі маршруттың құнын есептеуге немесе белгілі бір жұмыс көлемін орындауға негізделетін маршрут бойынша тасымалдауды жүзеге асыру кезінде (көрсетілетін қызметтері) мынадай түрдегі экономикалық-математикалық модельді пайдаланады:

$$СМ = (Зпс + Зэсон + Здисп + (Зп + Зн) * R) * Кнdc$$

формула (1)

$$СМ = (Зпс + Засп + (Зп + Зн) * R) * Кнdc$$

формула (2)

мұнда:

СМ – белгілі кезеңге маршрут құны немесе көлік жұмысының белгілі көлемін орындау үшін;

Зпс – жылжымалы құрам (сыйымдылығы орта және үлкен жылжымалы құрам сатып алу бойынша лизингтік төлемдер, көлік құралдарын сақтандыру құны, сыйымдылығы кіші автобустар бойынша амортизация) сатып алуға тасымалдаушы жұмсайтын нормативтік (есептік) шығындардың жалпы сомасы;

Зп – тасымалдаушиның тікелей нормативтік (есептік) жалпы сомасы (отын, жағармай материалдары, автокөлік құралдарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету, автошиналарды ауыстыру және жөндеу, жүргізушілер мен кондукторлардың еңбекақысы);

Зн – тасымалдаушиның қосымша шығындарының жалпы сомасы;

Зэсон – тарифтерді электронды жинау жүйесі операторының қызметтерін ескеретін шығындар (осы қызметке тасымалдаушы төлем жасаған кезде);

Здисп – диспетчерлік жүйе операторының қызметтерін есепке алатын шығындар (осы қызметке тасымалдаушы төлем жасаған кезде);

Засп – автовокзалдардың, автовокзалдардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтерін есепке алатын шығындар;

Кндс – 1,12 тең қосылған құн салығына коэффициент (12% ретінде қолданылады).

Формула (2) жол жүру ақысын электронды жинау жүйесін пайдаланбайтын ауданаралық (қалааралық облысішілік) және ауданішілік тасымалдауға қолданылады.

ҚКС коэффициентін айқындау үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес ҚКС жарнасы қолданылады.

ҚКС коэффициенті тасымалдаушиның оның қызметкерлерінің еңбек ақысымен байланысты, сондай-ақ тіркелген активтердің амортизациясымен байланысты шығындарына қолданылмайды. Осындаи шығындарға тіркелген активті ҚКС-ті ескерусіз сатып алуға, оны өндіруге, салуға, монтаждауға және жабдықтауға шығындар жатады.

31. Баптар бойынша нормативтік шығындардың іріленген есептері мынадай орындалады:

1) Зпс – жылжымалы құрамды сатып алуға тасымалдаушиның жалпы құны кіреді:

Жылжымалы құрамды сатып алу бойынша жылдық лизингтік төлемнің (жылдық аннуитет) сомасы формула бойынша есептеледі.

Лгод = ((Стс \* (1 + N \* Руд) – Стс \* Атс)/ N) \* Ам

формула (3)

Мұндағы:

Лгод - жылжымалы құрамды сатып алу үшін жылдық лизингтік төлемнің (жылдық аннуитет) сомасы;

N – лизинг шартының мерзімі;

Стс - маршрутқа бекітілген көлік құралдарының орташа құны, теңгемен;

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алғанған жаңа көліктер үшін бұл сатып алғанған күннен бастап үш жылға дейінгі сатып алу құны болады.

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алғанған көлік құралдарын қайта бағалау оларды бағалау қызметін жүзеге асыратын үйымдар сатып алған күннен бастап үш жыл өткен соң жүргізіледі.

Қайталама нарықта сатып алғанған көлік құралдары, сондай-ақ жалға алғанған көлік құралдары үшін – бағалау қызметін жүзеге асыратын үйымдар айқындастын орташа нарықтық құн.

Бағалау қызметін жүзеге асыратын үйымдар айқындаған көлік құралдарының құны ол анықталған күннен бастап үш жыл ішінде жарамды.

Электр автобустар мен отын ретінде сутегін пайдаланатын көліктер үшін жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары өндірушінің деректері бойынша анықталады.

Руд – келісім-шарт бойынша лизингтік пайыздық мөлшерлеме;

Атс – лизинг шарты бойынша аванстық төлем сомасы

(көлік құралының құнына пайыздық мөлшерлеме);

2) Лизинг бағдарламасы шенберінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу кезінде төленетін жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) сәйкес айқындалады.

3) Жылжымалы құрамды сатып алу үшін лизинг төлемдері болмаған жағдайда, олардың жалпы жүрісін ескере отырып, маршрутқа бекітілген көлік құралдарының амортизациялық аударымдарының сомасы өтелуге жатады. Формула арқылы есептелген:

За = 0,15 x Ам x КР x Ц,

формула (4)

мұнда:

За - амортизация шығындары;

0,15-15 % көлемінде автокөлік құралдары бойынша амортизация нормасы (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация болып табылатын лизинг алушыдан алынған автокөлік құралдарын қоспағанда, жалға алынған автокөлік құралдарына қолданылмайды);

Кр – автокөлік құралдары резервінің коэффициенті.

4) Зп – тасымалдаушының тікелей нормативтік (есептік) жалпы сомасы мынадан тұрады:

Зт – осы маршрутта пайдаланылатын автокөлік құралдарының жалпы жүріп өткен жолына есептегендегі автомобильдік отын электр энергиясы/газ/сутегі шығындары тариф есептелетін күнгі барлық қолданыстағы үстемелер мен 1 литр бензиннің/1 киловатт электр энергиясының/1 килограмм сутегінің дара бағасын есепке алып, 100 километр жұмсалған отын/электр энергиясы/газ/сутегі шығындарының базалық нормаларына сүйеніп анықталады (осы бөлшек сауда бағасы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес тарифті анықтаудың дұрыстығы расталғанға дейін жарамды):

$$Ш_о = 0,01 * L_{о5} * НТ * КН * ЦТ$$

формула (5)

мұнда:

0,01 - 100 километрден 1 километрге отын шығынын қайта есептеу;

Лоб - төмендегі формула бойынша есептелеңін маршрутқа қызмет көрсетуде автокөлік құралдарының жылдық жүріп өткен жолы:

$$L_{\text{лоб}} = K_{\text{ж}} * (n * l_{\text{pa}} + l_0)$$

формула (6)

мұнда:

Др - бір жылда маршрутқа қызмет көрсетілген күндер саны (жыл бойы әр жұмыс істей режимінде  $K_{\text{ж}} = 365$ ) (жергілікті атқарушы органдар бекіткен маршруттар кестесіне сәйкес айқындалады);

$n$  - бағдардағы рейс айналымдарының күнделікті саны (демалыс, мереке, жұмыс күндеріне, жылдың маусымдылығына байланысты жылдағы бару жолында айырмашылық болған кезде олардың орташа мәні алынады);

$l_{\text{kr}}$

- маршруттағы рейс айналымдарының қашықтығы километр;

$l_0$

- күнделікті нөлдік жүріп өткен жол, километр;

Маршрут сипаттамаларының көрсеткіштерінің әртүрлі мәндері жұмыс және демалыс күндері бойынша әртүрлі мәндерге тең болса, онда автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүріп өткен жолы осы көлемдерді жинақтаумен жұмыс және демалыс күндері бойынша жеке анықталады.

Жазғы және қысқы кезеңдердегі маршрут кестесінің әртүрлі мәндерімен және (немесе) маршрут толық емес күнтізбелік жыл ішінде жұмыс істейді, содан кейін жанармай құны маршрут кестесіне сәйкес жазғы және қысқы жүрістерді ескере отырып анықталады.

Шығ. жаз =  $0,01 \times L_{\text{ж.ж.}} \times HT \times \text{Цл.т.} \times KNL$ .

формула

формула (7)

Шығ.қыс =  $0,01 \times L_{\text{ж.қ.}} \times HT \times \text{Цз.т.} \times KN з.$

формула (8)

Шығ. = Отын шығ.ж. + Отын шығ.қ.

формула (9)

мұнда: Отын шығ.жаз, - жазғы автомобиль отынының құны;

Шығ., - қысқы мотор отынының құны;

$L_{\text{ж.1}}$  - жазда автокөліктердің жылдық жүрісі;

Лж.с. - қыста автокөліктердің жылдық жүрісі;

КНж., КНқ. - трассадағы (жазғы, қысқы) көлік құралдарын пайдаланудың нақты жағдайлары үшін базалық мөлшерлемеге үстемеақылардың жиынтық коэффициенті.

НТ – көліктің 100 километріне литр/киловатт/килограмм отын шығынының негізгі нормасы;

Дизель отынның (бензинді)/газды тұтынудың базалық нормасы мен жинақталған үстеме коэффициенті "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 қаулысына (бұдан әрі – Отын шығынының нормасы) сәйкес анықталады.

Электрлік автобустар үшін 100 километрге сағатына киловатт электр энергиясын тұтыну нормасы және ол үшін жалпы қосымша ақы коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады.

Отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары үшін 100 километрге сағатына килограмм сутегі отынның тұтыну нормасы және ол үшін жалпы қосымша ақы коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады

Цо – дизельдік отынның (бензиннің)/газдың/электр энергиясының/сутегінің бағасы.

Дизельдік отынның (бензиннің)/газдың/сутегінің бағасы мына формула бойынша анықталады:

$$O_5 = \frac{B_{к.ш.} * A_{кыс} + B_{ж.о.} * A_{жаз}}{12}$$

формула (10)

мұнда:

Ақыс Ажаз- ККл (коэффициент климаттық) мәнін анықтайтын Отынды шығындау нормаларының 10-шы кесте бойынша кезеңдер шегінде өнір бойынша анықталған бір жылдағы қысқы және жазғы айлар саны.

Б.к.ш. Бж.о.- тариф есептеу күніне отынның дара құны (жазғы және қысқы).

Жазғы кезеңде тарифті есептеу кезінде өткен қысқы кезеңнің соңғы айында басым болған қысқы отынның 1 литрінің/1 килограммның бөлшек сауда бағасы облыс бойынша отын шығынының құнын анықтайтын 10-кестеге сәйкес кезеңдерде айқындалады. ККл (климаттық коэффициент), негіз ретінде алынады.

5) Шжж - жанар-жағармай материалдарына шығындар автомобильдік отынға шығындардың 10%-ға тең:

формула (11)

$$Z_{cm} = Z_{\tau} * 0,1$$

6) Шжт- жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары осы маршрутқа қызмет көрсету үшін бекітілген автокөлік құралдары құнынан 10% (қызмет мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі көліктер үшін), 15% (автокөлік құралдары үшін пайдалану мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін) және 20 % (автокөлік құралдары үшін пайдалану мерзімі 7 жылдан астам) ретінде қабылданады:

$$Шжт = Кшт * Ам * Кр * Ц$$

формула (12)

Мұнда:

Кшт - автокөлік құралдарға жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстарының коэффициенті;

Ам- кесте бойынша маршруттағы автокөлік құралдарының бір күн ішіндегі саны;

Кр – автокөлік құралдары резервінің коэффициенті, (1,2 ретінде тең шығындарды есептеу үшін алынатын кесте бойынша автокөлік құралдар маршруттарына бекітілгендердің жалпы санының маршрутқа жеткізуге жататын автокөлік құралдарының 1,2 санына қатынасы);

Ц – маршрутта бекітілген 1 автокөлік құралының орташа адал нарықтық құны, тенгемен;

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алғынған жаңа көліктер үшін бұл сатып алғынған күннен бастап үш жылға дейінгі сатып алу құны болады.

Өндірушіден немесе ресми дилерлер арқылы сатып алғынған автокөлік құралдарын қайта бағалау оларды бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар сатып алған күннен бастап үш жыл өткен соң жүргізіледі.

Қайталама нарықта сатып алғынған автокөлік құралдары, сондай-ақ жалға алғынған автокөлік құралдары үшін – бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар айқындайтын орташа нарықтық құн.

Бағалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар айқындаған автокөлік құралдарының құны ол анықталған күннен бастап үш жыл бойы қолданылады.

Электробустар, отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдары үшін жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады.

7) Шш – маршруттағы автокөлік құралдарының жылдық жүрісіне есептелген автошиналарды пайдалану шығыстарын мынадай формула бойынша анықтауға болады:

$$Z_{ш} = \frac{Ц_{ш} * m * L_{о5}}{ш * K_{ш}}$$

формула (13)

мұнда:

Цш – бір шина жиынтығының орташа сатып алу бағасы (шина, камера, жиек таспасы), есептеу кезінде теңгемен. Бұл сатып алу бағасы осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес тарифті анықтаудың дұрыстығы расталғанға дейін жарамды);

М – автокөлік құралдарының доңғалақ саны (қосалқы доңғалақсыз);

Лоб - маршрутқа қызмет көрсету кезіндегі автокөлік құралдардың жалпы жылдық жүрісі;

Ш – автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасы отын шығысының нормасына сәйкес анықталады, километр;

Кш – автошиналар жүрісінің пайдаланымдық нормасын түзету коэффициенті отын шығысының нормасына сәйкес анықталады.

Электробустардың, отын ретінде сутегіні пайдаланатын автокөлік құралдарының автошиналары жүрісінің пайдаланымдық нормасын түзету коэффициенті Өндіруші зауыттың деректері бойынша анықталады

8) Ззп – маршрутқа қызмет көрсету бойынша жүргізушілер мен (және) кондукторлардың (автокөлік құралдары экипаждарының) жалпы жылдық төлем сомасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Шжа} = (\text{Mp} * (\text{ZB} * \text{NB} * \text{ZK} * \text{NK}) * \text{AM} * \text{K}) * 1,2$$

формула (14)

мұнда:

Мр – бір жылда маршрутқа қызмет көрсетілетін айлардың саны (жұмыстың тәулік ішінде және күнделікті режимі кезінде  $\text{Mp} = 12$ );

ЗБ – автокөлік құралы жүргізушісінің орташа айлық жалақысы Қазақстан Республикасындағы немесе көлік және қойма шаруашылығы саласындағы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының (кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда) деңгейіне қатысты белгіленеді. Өтінімдерді берудің алдындағы тоқсандағы статистикалық мәліметтер негізінде тасымалдаушы тіркеледі;

ЗК – кондуктордың орташа айлық жалақысы жүргізушінің жалақысының 70% деңгейінде белгіленеді;

Нв, Нк – маршрутта әр автокөлік құралдарға бекітілген жүргізушілердің (кондукторлардың) нормативтік саны;

К – тасымалдауышының есептік деректерімен расталған сомада еңбек жалақысы мен қызметкерлердің сақтандыруға әлеуметтік есептеуін есепке алатын коэффициент.

1,2 – аурулық, еңбек, оқудағы жұмысшылардың есептеулерін ескеретін түзету коэффициенті.

Жүргізушілерге және (немесе) кондукторларға жалақы төлеу фактісі қызметкерлерге еңбекақы төлеу туралы актінің үзінді көшірмемен расталады.

9) Шұ – тасымалдаушының үстеме шығындарының нормативті сомасы осы маршрутқа қызмет көрсету бойынша тікелей шығындардың жиынтық сомасының пайызын құрайды және мына формула бойынша айқындалады:

$$Шұ = Шт * П$$

формула (15)

мұнда: П – үстеме шығыстардың нормативті сомасының пайызы үстеме шығыстарды есептеу сомасының расталатын көлеміне қарай 15%-дан бастап 20%-ға дейін құрайды.

Үстеме шығыстарды есептеу сомасы:

өндіріс шығындарына жататын салықтар мен алымдар (әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік салықты, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды, қосымша құн салығы мен корпоративтік табыс салығын қоспағанда);

автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға, сондай-ақ жүргізушілердің және (немесе) кондукторлардың өмірін сақтандыруға арналған шығыстар;

автокөлік құралдарын міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуге арналған шығыстар;

тасымалдаушының балансында тұрған және тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның әкімшілік ғимараттары мен объектілерінің (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік алаңшалар мен цехтар) коммуналдық төлемдеріне арналған шығыстар;

тасымалдаушының балансында тұрған және қалалық және қала маңындағы тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның әкімшілік ғимараттары мен объектілері (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік участеклер мен цехтар) бойынша амортизацияға арналған шығыстар;

ауданараптық (қала ішілік облысішілік) және ауданішілік маршруттар бойынша тасымалдау процесіне тартылған өндірістік-техникалық базаның (жабық автотұрақ, тазалау-жуу кешені, өндірістік участеклер мен цехтар) әкімшілік ғимараттары мен объектілері бойынша амортизацияға арналған шығыстар;

тасымалдауды ұйымдастыруға тартылған тасымалдаушы қызметкерлерінің (механик, медицина қызметкері, диспетчер) еңбекақысын қамтиды.

Үстеме шығыстарды есептеу сомасы тек құны Қағидалардың 4-тaraуына сәйкес айқындалатын әлеуметтік маңызы бар маршрутқа қызмет көрсетуге ғана қолданылады.

Тасымалдауды ұйымдастыруға тартылған тасымалдаушының қызметкерлеріне (механик, медицина қызметкері, диспетчер) еңбекақы төлеу қызметкерлерге еңбекақы төлеу ведомосінен үзінді көшірмемен расталады.

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысаны

### **Субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі**

p/c №	Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі
1	2	3

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### **Әдістемеге сәйкес анықталған маршруттағы тариф есебі**

Ұйымның атауы _____			
Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі	Әдістемеге сәйкес анықталған 1 жолаушыға арналған тариф, теңге	Болжалды тасымалдау көлемі жыл бойы жолаушылар, адам

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

### **Маршрут құнының есебі**

Ұйымның атауы _____			

Маршрут атавы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі	Ұзындығы маршрут , км	Багасы маршрут, тенге	Болжалды тасымалдау көлемі жыл бойы жолаушылар, адам
--	--------------	--------------------------	--------------------------	---

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

### Әлеуметтік маңызы бар субсидияланған қатынастар сомасы

p/c №	Маршрут атавы және (немесе) нөмірі	Маршрут күны осы Қағидала рдың 4- тарауына сәйкес айқындал ады (тенге)	Маршрут күны осы Қағидала рдың 4- тарауына сәйкес айқындал ады (тенге)	Әдістеме ге сәйкес белгіленг ен тариф (тенге)	Жергілік т i атқаруш ы орган белгілейт ін тариф номи (т енге)	Айырма шылық Әдістеме ге сәйкес анықталғ а н тарифтер арасында жергілікт i атқаруш ы орган белгілейт ін код п е н тариф дене (т енге)	Әлеуметтік маңызы бар жол қозғалысын субсидиялау көлемі 3 жылға жыл сайынам		
							20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	2	3	4	5	6	7	8		

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

Комиссия жұмысының және әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялау нәтижелері

1-кесте

№	Маршрут атаву не нөмірі*, сондай-ақ осы маршрут қа кызмет көрсететін тасымал даушының атаву	Маршрут түрі	Кағидала р дың 7-тармағын а сәйкес маршрут қа тариф бойынша есептеуле р ұсынылған күні (күні: күн, ай, жыл)	Маршрут қа тариф бойынша есептеуле р ді себепті отырып қайта пысықтауға ұсынылған күні (күні: күн, ай, жыл)	Элеуметтік маңызы барап	Комиссия жұмысының нәтижелері	Бюджеттік етінімді әзірлеу күні (күні: күн, ай, жыл)	Бюджеттік етінімді әзірлеу күні (күні: күн, ай, жыл)	Бюджеттік етінімді әзірлеу күні (күні: күн, ай, жыл)	Бюджеттік етінімді әзірлеу күні (күні: күн, ай, жыл)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

2-кесте

№	Маршрут атаву не нөмірі*, енгізілген н әлеуметтік маңызы б а р хабарлам алар тізбесіне, сондай-а к осы маршрут қ а қызмет көрсететі н тасымал даушының атаву	Маршрут түрі	Жергілік т і	Бірінші жылға арналған сома (тәнге / 20 __ жыл)	Екінші жылға арналған сома (тәнге / 20 __ жыл)	Үшінші жылға арналған сома (тәнге / 20 __ жыл)	О с ы маршрут қ а қажетті субсидия көлемі (тәнге)	Есептік кезенде тасымалдаушыға о с ы маршрут қ а төленген субсидия (тәнге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы (барлық маршруттар үшін 2 - кестенің 6, 7, 8, 9, 10 - бағандар							10

ы  
бойынша  
жалпы  
сома  
көрсетіле  
ді)

\* Осы Кестелердегі 2-бағанды толтыру кезінде қалалық (ауылдық) немесе қала маңындағы қатынастарда маршрут нөмірі көрсетіледі, ал ауданішілік немесе ауданараптық (қалааралық облысішілік) қатынастарда маршруттың бастапқы және соңғы пункттерінде орналасқан елді мекендердің атаулары көрсетіледі.

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

### **Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы ақпарат**

20 \_\_\_ жылға арналған \_\_\_\_\_  
(ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ облысы (қала, аудан) бойынша

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі	1 жолаушыға бекітілген тариф, тенге	Есептік ай ішінде тасымалданған жолаушылар саны	Жолаушылар тасымалынан түскен қаражат, тенге
--	--------------	---	---	---

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық  
қолтаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

### **Орындалған жұмыс туралы ақпарат**

\_\_\_\_\_  
(уәкілдегі ұйымның атауы)

облысы (қала, аудан) бойынша

20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ ушін

p/н №	Маршруттар саны, бірлік	Орындалған тасымал көлемі, км	Жалпы маршрут күны, теңге	Жолаушыларды тасымалдаудан түсken қаражат, теңге
1	2	3	4	5

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

## Отініш

1. Жолаушылар мен бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарты (бұдан әрі – шарт):

- 1) шарт номірі №: \_\_\_\_\_;
- 2) шарт жасасу күні (күні, айы, жылы): \_\_\_\_\_;
- 3) шарт қолдану мерзімі (күні, айы, жылы): \_\_\_\_\_.

2. Маршрут түрі:

- 1) қалалық (ауылдық)
- 2) қала маңындағы
- 3) ауданішілік
- 4) ауданараптық (қалааралық облысішілік)

3. Маршрут атавы және (немесе) номірі: \_\_\_\_\_.

4. Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі:

- 1) қызмет көрсетуді бастау күні (күні, айы, жылы) \_\_\_\_\_;
- 2) қызмет көрсетуді аяқтау күні (күні, айы, жылы) \_\_\_\_\_.

5. Субсидия сомасы (цифмен және теңгемен көрсетіледі): \_\_\_\_\_;

6. Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасы қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға қызметті жүзеге асыру немесе жеке әрекеттердің мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

\* Осы өтініштің 3-тармағы бойынша мәліметтерді толтырған кезде қалалық (ауылдық) немесе қала маңындағы қатынастарда маршруттың нөмірі көрсетіледі, ал ауданішілік немесе ауданараптық (қалааралық облысішілік) қатынастарда маршруттың бастапқы және соңғы пункттерінде орналасқан елді мекендердің атаулары көрсетіледі.

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
9-косымша  
Нысан

**"Ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (кол жеткізу арнасы)	портал арқылы
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған)
		Субсидия тағайындау туралы хабарлама не субсидия тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберу тәсілімен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетіletіn қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының электрондық цифрлық колтаңбасы қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p>
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетіletіn қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7.	Көрсетіletіn қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін	<p>1) көрсетіletіn қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы</p> <p>Көрсетіletіn қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді кабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады</p>
		<p>1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша іс жүзінде тасымалданған жолаушылар туралы ақпарат;</p> <p>2) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес автокөлік құралдарының маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (км.) сүйене отырып анықталған маршрут құны</p>

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін

бойынша тасымалдаулар жүзеге асырылған кезде, орындалған жұмыс туралы ақпарат;

3) осы Тізбеке 1-қосымшаға сәйкес билеттерді сату жөніндегі ақпарат;

4) осы Тізбеке 2-қосымшаға сәйкес жолаушыларды тасымалдаудан түскен қаржы каражаты туралы ақпарат;

5) тасымалдаулар ауданарапық (калааралық облысішлік) немесе ауданішілік қатынастарда жүзеге асырылған кезде, автовокзалдардың (автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің) диспетчерлік қызметінің құжаты немесе ауылдық округтің әкімінен немесе оны алмастыратын адамнан осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын анықтамалар;

6) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес айқындалған маршрут бойынша құны тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршрут (км) бойынша автокөлік құралдарының жалпы жылдық жүрісін негізгі ала отырып, елді мекенинің бірыңғай диспетчерлік қызметінен осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын құжат;

7) диспетчерлік қызметтің қалалық және қала маңындағы маршруттар бойынша рейстерді орындағанын растайтын (бар болған жағдайда) құжаты.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар электрондық көшірmede немесе үйим басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасында ұсынылады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтердің көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттың

		жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға катысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алады талап ететін қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (ұқімі) болуы.</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.</p>

"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау"  
 мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне  
 1-қосымша  
 Нысан

## **Билеттерді сату бойынша ақпарат**

**Ұйымның атауы** \_\_\_\_\_

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Бір реттік жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат			
	билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы (тәңге)	жалпы сомасы (тәңге)
1	2	3	4	5
ересек				
балалар үшін				
женілдетілген				
Жиыны:				

  

Ұзақ мерзімді жол жүру билеттерін сату туралы ақпарат				
билеттің түрі	саны (дана)	билеттің бағасы (тәңге)	жалпы сомасы (тәңге)	
ересек				
балалар үшін				
женілдетілген				
Жиыны:				

Әкімшілік орталық болып табылатын облыстық маңызы бар қалаларда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада тасымалдауды жүзеге асырған кезде билеттерді сату бойынша есеп маршрутта пайдаланылатын жолақыны электрондық төлеу жүйесімен расталады.

Жолақыны электрондық төлеу жүйесі операторының (бұдан әрі - оператор) атауы

Тасымалдаушы мен оператор арасында жасалған шарт 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_. Шарттың қолдану мерзімі 20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_.

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

"Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет каражаты есебінен субсидиялау"  
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне  
2-қосымша  
Нысан

**Жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы ақпарат**

## Ұйымың атавы

Маршрут атавы және (немесе) нөмірі	Сома (тенге)			
	бір реттік жол журу билеттерін сатудан	ұзақ мерзімді жол журу билеттерін сатудан	женілдетілген жол журуден алынган өтемақы	Жиыны
1	2	3	4	5
				Жүктөу

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаржаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
10-қосымша  
Нысан

**Жүргізушілердің және (немесе) кондукторлардың жалақысы мен әлеуметтік аударымдары  
бойынша тасымалдаушының шығыстары туралы ақпарат**

## Ұйымның атавы

Маршрут атавы және (немесе) нөмірі	
Жүргізушілер саны, адам	
Ағымдағы қаржы жылы деңгейінде жүргізушілердің ең төменгі жалақысы, тенге	
Жүргізушілердің ағымдағы қаржы жылы деңгейіндегі әлеуметтік аударымдары, тенге	
Кондукторлар саны, адамдар	
Ағымдағы қаржы жылы деңгейінде кондукторлардың ең төменгі жалақысы, тенге	
Ағымдағы қаржы жылы деңгейіндегі кондукторлардың әлеуметтік аударымдары, тенге	
Жиыны	

Ұйым басшысы

Бас бухгалтер

Мөрдің орны (бар болса) немесе ұйым басшысының электрондық цифрлық қолдаңбасы

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет қаржаты

есебінен субсидиялау

қағидаларына

11-қосымша

Нысан

## Субсидия тағайындау туралы №\_\_\_\_\_ хабарлама

Көрсетілетін қызметті алушы: \_\_\_\_\_

(жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: "Ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау"

Маршрут түрі: \_\_\_\_\_

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі: \_\_\_\_\_

Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі: \_\_\_\_\_

Мәртебе: Субсидия тағайындалды

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган: \_\_\_\_\_

---

Хабарлама жіберілетін уақыты мен күні: 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Әлеуметтік маңызы бар  
жолаушылар тасымалдауларын  
жүзеге асырумен байланысты  
тасымалдаушылардың  
шығындарын бюджет каражаты  
есебінен субсидиялау  
қағидаларына  
12-қосымша  
Нысан

## Субсидия тағайындаудан бас тарту туралы №\_\_\_\_\_ хабарлама

Көрсетілетін қызметті алушы: \_\_\_\_\_

(жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: "Ауданараптық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау"

Маршрут түрі: \_\_\_\_\_

Маршрут атауы және (немесе) нөмірі: \_\_\_\_\_

Маршрутқа қызмет көрсетудің кезеңі: \_\_\_\_\_

Мәртебе: Субсидия тағайындаудан бас тартылды

Негізі: \_\_\_\_\_

---

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган:

---

Хабарлама жіберілетін уақыты мен күні: 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК